

Ливан Республикасының Премьер-Министрі Р.Хариридін Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 19 тамыздағы N 175-ө өкімі

Қазақстан Республикасы мен Ливан Республикасы арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2003 жылғы 27-28 тамызда Астана және Алматы қалаларында Ливан Республикасының Премьер-Министрі Р.Хариридін Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2003 жылғы 27-28 тамызда Астана және Алматы қалаларында Ливан Республикасының Премьер-Министрі Р.Хариридін Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша):
қосымшаға сәйкес Ливан Республикасы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөнінде қажетті ш а р а л а р қ а б ы л д а с ы н .

2003 жылға арналған республикалық бюджетте "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Ливан Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің әуежайлардағы, тұратын және болатын орындардағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Ливан Республикасының Премьер-Министрі арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағы үстінен ұшып өтуін, Астана және Алматы қалаларының әуежайларына қонуын ж ә н е о л а р д а н ұ ш ы п ш ы ғ у ы н ;

Астана және Алматы қалаларының әуежайларында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз

6. Астана және Алматы қалаларының әкімдері Ливан Республикасының ресми делегациясын қарсы алу және шығарып салу, Астана және Алматы қалаларының әуежайлары мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын орындауды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана және Алматы қалаларының әуежайларында Ливан Республикасының Премьер-Министрін қарсы алу және шығарып салу рәсімдеріне қатыссын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан ресми қабылдауда концерттік бағдарлама ұйымдастырсын.

8. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2003 жылғы 19 тамыздағы
N 175 өкіміне
ҚОСЫМША

Ливан Республикасы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Ливан Республикасы ресми делегациясының мүшелерін (1+11) және бірге жүретін адамдарды Астана қаласында "Окан Интерконтиненталь - Астана" қонақ үйіне, Алматы қаласында "Хаятт Ридженси" қонақ үйіне орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін "Окан Интерконтиненталь - Астана" және "Хаятт Ридженси" қонақ үйлеріне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейдждер, автокөліктерге арналған арнайы рұқсатнамалар)
д а й ы н д а у .

4. Делегация басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

5. Ливан Республикасының ресми делегациясын қарсы алу және шығарып салу кезінде Астана және Алматы қалаларының әуежайларында шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Ливан Республикасының Премьер-Министрі Р.Хариридін құрметіне Астана қаласында ресми қабылдау

ұ й ы м д а с т ы р у .

7. Ресми делегацияның мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК